

## «Қарқаралы қаласының Саз мектебі» КМҚК-ының жетістіктері



Мектеп директоры : Сыздықов Сагинбай-  
Білім беру ісінің құрметті  
қызметкері, жоғары санатты мұғалім.

Жас жеткіншектің табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту—бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Саз мектебінде мектептен тыс қосымша білім алу оқушылардың бейімділігін, өнерге қызығушылығын және оқу-танымдық мотивтерінің өзгешеліктерін байқатады.

Қосымша білім беру—бұл ерекше бір әлем және өз істерінің кәсіби шебері бола білген педагогтардың арқасында болуы мүмкін. Қарқаралы қаласының Саз мектебі қосымша білімді жетілдіру және дарынды шәкіртке терең кәсіби білім беру мақсатында бекітілген мемлекеттік және мектепшілік оқу-тәрбие жұмыс жоспарының міндеттерін мазмұнды түрде үлкен ұйымдастырушылықпен атқарып келеді.

Саз мектебінде мектептен тыс 385-оқушы домбыра, қобыз, баян, дәстүрлі ән айту, эстрадалық ән және хореография сыныптарында қосымша білім алуда. Қазіргі құбылмалы әлемде келешек жас ұрпақтардың рухани тұрғысынан жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына Саз мектеп ұжымының қосқан үлесі зор деуге болады. Бүгінгі күні Саз мектебінде кәсібиліктері жоғары қалыптасқан 30-мұғалім еңбек етуде. Қосымша білім беру саласында көп жылғы еңбектерімен көзге түсіп жүрген мұғалімдеріміз: Сыздықов С.С., Сыздықова Р.А., Насипова Ж.А., Омарова Б.Х., Мустафина Р.Б., Ахметова А.Б., Құлжанбекова Г.А., Каршалова А. А., Шуйшбаева Г.К., Спабекова Р.А., Мукашева Ж.А., Есенгельдина М.Е., Игенбаева Ж.Т., сонымен қатар жас мамандарымыз Уйсинбаев Б.Г., Жекеева Б.Т., Сағатбекова М.С., Сламбекова Г.К., Касимова А.Ж., Касенова П.С., Хасенова Г.Н., Оразбекова Т.Ж. Саз мектебінің көркеюіне елеулі үлестерін қосуда .

«Ауыл—мәдениеттің, өнердің қайнар көзі» дегендей Аудан әкімінің, аудандық білім бөлімінің қолдауымен ауылдық жерлерден, атап айтсақ: Нүркен, Көктас, Т.Әубәкіров, Бүркітті, Қ.Аманжолов, Аппаз, Қарағайлы кентінде, Егіндібұлақ селосында филиалы ашылып, талапқа сай талантты жас ұрпаққа кәсіби білім беру мақсатында саналы қызмет етіп келеді.

50-жылғы тарихында Саз мектебі қаншама жасөспірімдердің өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, мамандық таңдауына икемдеп түлетіп ұшырды. Түлектердің біршамасы туған жерге оралып, өнерге шәкірт тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп, Саз мектебінің көрейіп-гүлденуіне өз үлестерін қосуда.



Тарихи деректерге сүйенсек алғаш музыка мектебі Қарқаралы қаласында 1964-жылы ашылған.

1964-1968 жылдар аралығында музыка мектеп директоры (Әбішев Әбдірахман Жармыұлы) болса;

1968-1983 жж—Төлеубаев Шалғынбай Күзембайұлы;

1983-1989жж—Мерсалимов Госман Жәмелұлы;

1989-2001жж—Едгина Зура Елеусізқызы;

2001 жылдан Сыздықов Сағынбай Сыздықұлы шебер ұйымдастырушылықпен Саз мектебін басқарып келеді. Біліктілігі жоғары санатты мұғалім, басшының 40-жылға жуық мектептен тыс қосымша білім беру саласындағы еңбегі, жеткен жетістіктері еленіп Аудандық білім бөлімінің, Облыстық білім департаментінің, «Нұр Отан» партиясының Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2013-жылы «ҚР-ның білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағына ие болып, медальмен марапатталды.

50-жылғы тарихында Саз мектебі өнердің талай-талай биік белестерін бағындырған. Жалпы мектептен тыс қосымша білім беретін мекемелердің, оның ішінде Саз мектептердің оқу-тәрбие жұмысының жетістіктері байқау-фестивальдердің қорытындысы бойынша сараланады.

Міне, осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, Саз мектебінің жас ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеуде атқарған жұмыстары ұшан-теңіз. Байқаулар нәтижесінде Саз мектептің оқу-тәрбие жұмыстары Облыс, Республика, Халықаралық деңгейде танымал болды. Оқушыларымыз Республикалық «Күншуақ», «Ақ көгершін», «Рауан», «Қарқаралы дауысы», Халықаралық «Ақ көгершін», «Күншуақ», «Тұлға», және Облыстық 3-жылда бір өтетін жас орындаушылар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. 2014 жылы Республикалық «Айгөлек» телебайқауына Саз мектептің дәстүрлі ән айту сынып оқушысы Әмірбек Аружан қатысып жүлделі II-орынға ие болып, арнайы дипломмен марапатталды, пән мұғалімі Жекеева Б.Т.



**2015-жылдың** наурыз айында Қарағанды қаласында өткен **49-Облыстық** жас орындаушылар байқауында Саз мектебі жанынан құрылған «Жас дәурен» қазақ халық ұлт аспаптар оркестрі Бас жүлдеге ие болса, (оркестр көркемдік жетекшісі және дирижері Сыздыкова Раушан Атығайқызы), жеке орындаушыларымыз домбыра номинациясы бойынша (орта топ) Әділхан Кәмила-III-орын, пән мұғалімі Мукашева Жанар Аманжоловна, қобыз номинациясы бойынша (төменгі топ) Ташимова Адия –I-орын, пән мұғалімі Сағатбекова Мейрамгүл Саматқызы, ие болып берілген қосымша білімнің нәтижесін жоғары деңгейде көрсетті. 2015 жылдың 30.10-02.11 күндері

аралығында Қарағанды қаласында ART RAINBOW-бірлестігі ұйымдастырған Халықаралық «Күзгі Әуен»байқауында Саз мектептің домбыра,қобыз,дәстүрлі ән айту және хореография сынып оқушыларынан құрылған «Балдәурен»бишілер ансамблі жақсы нәтиже көрсетіп, I, II, III-орындарды иеленді. Облыстық «Нұр Отан» партиясының филиалының ұйымдастыруымен өткізген «Шоқ жұлдыз», Дельфий ойындары байқауларына да Саз мектептің білім алушы оқушылары жүлделі орындардан көрінді. Республикалық «Асыл мұра «байқауына ән номинациясы бойынша 4-дәстүрлі ән айту сынып оқушысы Абельдинова Альяна I-орынға ие болды. ART RAINBOW-бірлестігі ұйымдастырған «Гармония» байқауында Қарқаралы қаласының Саз мектебінің домбыра,қобыз,дәстүрлі ән айту,эстрадалық ән және хореография сынып оқушылары қосымша білімнің сапасын көрсетті. «Балдәурен» хореографиялық ансамбль жетекшісі Спабекова Р.А.



Ұлы ғұлама Әл-Фараби :»Дүниені өзгертудің екі жолы бар :біріншісі –білім арқылы ,екіншісі –руханият арқылы «деген екен .Сол руханиятты ашар жол-қосымша білім беру мекемелері дейтін болсақ ,соның ішінде Қарқаралы қаласының Саз мектебінің білімді ,рухани-өнегелі,дені сау ұрпақ тәрбиелеу үшін жан-жақты жағдай жасалған .

Тәрбиелеп отырған шәкірттеріміз өнерге жаны құштар жүректері жұмсақ,қайырымды болып өсіп,елдің ынтымағы мен ғарыштап дамуына тамаша таланттарымен үлесін қосып Қазақстанды бүкіл әлемге танытатынына сеніміміз мол.

Спабекова Рымкүл Ахметжановна-Қарқаралы қаласының Саз мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.